

А. С. Қосжанов, жалпы құқықтық және арнайы пәндер» кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты;

А. С. Орынбеков, оқытушы, құқық магистрі;

С. А. Сыздыкова, оқытушы, құқық магистрі

(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ БАҒЫТТАРЫ

Еліміз тәуелсіздікке бағыт алған жылдары жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету аясында ауқымды жұмыс атқарылды десек, ақиқаттан алыс кетпейміз. Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қоғамдық тәртіпті қорғау, азаматтардың қоғамдық және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрі азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін құқыққа қайшы әрекеттерден қорғау мақсатында көптеген жұмыстарды ұйымдастыру жүктелген. Өйткені осындай мәселелерде адамдармен тікелей қарым-қатынас жасайтын құқық қорғау органдары қызметкерлері екені белгілі.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының ұйымдастырылуы мен қызметінің конституциялық негізі Конституциямен қарастырылуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітетін нормативтік актілерде «...қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлеу және жүзеге асыру бойынша» деген тәртібі айқын көрініс тапқан.

Құқық қорғау органдарының жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету бойынша мүмкіндігінде шек жоқ. Ол бірден — бір қызмет құзіретіне негізделеді. Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизмдері құқық қорғау органдары жұмысының негізгі түрі құқық қорғау қызметі, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін қылмыстардың және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, ашу, тергеу болып табылады. Сондықтан да құқық қорғау органдарының жүргізетін негізгі шаралар үрдісі құқықтар мен бостандықтардың бұзылуының алдын алу және оларды жүзеге асыру жолындағы келеңсіздіктерді болдырмаумен есептеледі. Мұнда тек азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуының алдын алуға маңызды рөл аударылады. Кейбір құқық қорғау органдарының қызметінің жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің маңызды бағыттары — құқықты қорғау қызметі. Өзінің іс-әрекетінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуын қорғауы әрі дереу әрі ықпалды болуы тиіс демекпіз.

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары» туралы Заңының 4-1-бабына сәйкес криминалдық полицияның негізгі міндеттері қылмыстарды анықтау, оның алдын алу, жолын кесу, оны ашу және тергеу, ішкі істер органдарының жүргізуіне жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтама ісін жүргізу, тергеуден, анықтамадан және соттан жасырылған, қылмыстық жазаны өтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заңының 4-2-бабына сәйкес Әкімшілік полицияның негізгі міндеттері қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, оның алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзіретінің шегінде анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру, ұсталған және қамауға алынған адамдарды, оның ішінде белгілі бір тұратын жері, құжаттары жоқ адамдар ұсталатын жерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу, жол қозғалсының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау және бақылау жасау, төлқұжаттық жұмыстар мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады¹.

Адам құқықтарын сақтаудың тәртібі мен талабы қол сұғылмаушылыққа құқылық, ар-ождан және абыройын қорғауға құқылық, денсаулыққа құқылық сияқты адамның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың маңызды құралы болып табылады.

Құқық қорғау органдарының құзыреті мен өкілетін үш бағытта тарқатып көрелік: адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қамтамасыз ету және сақтау.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау: адамға оның өміріне, денсаулығына, бостандығына, меншігіне және өзге де игіліктеріне қол сұғатын қылмыстардың алдын алу, жолын кесу, тергеу және ашу, сонымен қатар қылмысты анықтау, тергеу органдарынан және соттан жасырынған тұлғаларды жедел-іздіктеу; қажетті мәжбүрлеудің түрлі шараларын қолдану, тіпті тұлғаға тұтқындау және атыс қаруын қолдануға дейін; әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу, оның ішіндегі кінәлілерді жазаға тарту; азаматтармен жасалған шарттар бойынша тұрғын үйлері мен мүліктерін қорғау және т.б.

Құқық қорғау органдарымен іске асырылатын көрсетілген өкілеттіктер азаматтардың жеке бостандықтарын шектейтін және өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруларына кедергі келтіретін жағымсыз құбылыстарды анықтауға және жедел түзеуге септігін тигізеді. Осы мағынада адам құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуы құқық қорғау органдары қызметінің қорғауынсыз мүмкін емес. Сондықтан құқық қорғау органдарының негізгі борышы азаматтардың жеке бостандықтарының игілігін еркін қолдануларын қиындататын келеңсіз факторларды түзеу болып саналады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабында адамның және азаматтың өз құқықтыры мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрлыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуі тиіс деп белгіленген. Мұндай конституциялық норма адам мен азаматтардың жеке бостандықтары аясындағы әрекеттердің заңдылығына құқық қорғау органдарының жағынан тұрақты қадағалауды талап етеді.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету азаматтардың және өзге де тұлғалардың өз құқықтары мен бостандықтарын құқыққа сай жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша міндеттілігін белгілейді. Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету негізінде аталған органдардың әкімшілік қызметінің шеңберінде жүзеге асырылады. Бірақ, бұдан басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша құқық қорғау органдарында құқықтық, әлеуметтік және экономикалық сипаттағы шаралар өткізіледі. Адамның жекелеген субъективтік құқықтарын қанағаттандыру нақты құқық қорғау органдарының бөлімшелерімен қатынастарда болады. Осы қатынастардың сипаты жеке тұлғаның құқықтық мәртебесімен ғана емес, сонымен бірге оның физикалық жасының, психологиялық іскерлік және жеке қабілеттік ерекшеліктерімен белгіленеді. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің ең алдымен жеке тұлғаның ар-ожданы мен абыройын, азаптаудан бостандығын, зорлық-зомбылық және қатыгездік қарым-қатынасты, жеке өмірге қолсұғылмаушылығын, жеке және отбасылық құпияға құқылығын, ар - ождан бостандығын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сотпен және өзге де орынды қорғалуын сөзсіз, бұлтарыссыз сақтау жатады. Жалпы құқық қорғау органдары өзінің міндеттерін қаруланған қылмыскерлерді ұстаумен, теоррористік топтарды іздіктеу және жоюмен, кепілдікке алынғандарды босатумен, тұрғылықты мекендердегі жаппай тәртіпсіздіктің, қоғамдық тәртіпті топтық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу және жоюмен, табиғи апаттар және ірі кәсіпорындық авариялар мен апаттардың салдарын жоюмен байланысты төтенше жағдайларды күнделікті және әрдайым орындайды. Сонымен қатар, полицияға қоғамдық тәртіпті, бейбіт өмір кезінде азаматтық қорғаныс шараларын жүзеге асыру, жалпы дайындық және соғыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша зор және жауапты міндеттер жүктелген.

Кез келген органдарды құқық қорғау органдарының жүйесінде қарастыра отырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселелерін шешуден нақты құқық қорғау органдарының рөлі бірдей емес екендігі байқалады. Бұл олардың қызметтерінің, құзыреттерінің, ведомстволық тиесілігінің әртүрлілігімен, жұмысының түрлерімен, әдістерімен, жағдайларымен, ал сонымен бірге олардың қорғаушылық күштерімен және құралдарымен түсіндіріледі. Осы факторлардың талдануы құқықты қорғау мақсаттарының шешілуінің негізгі ауыртпалылығы осылардың көпшілігіне түседі деген қорытындыға әкеледі. Біздің ойымызша сот тәртібі азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерімен байланысты барлық санаттағы

істерге таралып қана қоймай, ал азаматтың өз өтініші немесе шағымы бойынша сотсыз тәртіпте шығарылған шешімдерге қанағаттанбайтын жағына да көңіл аударылуы қажет. Сот тәртібі азаматтардың субъективтік құқықтырының бұзылуына байланысты өтінішін қараудың жоғары түрі болып табылады.

Құқық қорғау органдарының атқарушы органдардың жүйесіндегі орнын қарастыра отырып, атқарушы билік органдарының қызметі қоғамдық өмірдің барлық тараптарына маңызды әсер ететіндігін айта кеткен жөн. Олар Республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуын жүзеге асыру үшін және де мемлекеттің құқық қорғау және алдын алу қызметін жүзеге асыру үшін аса кең мағынадағы құқықтық, материалдық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктерге ие. Құқық қорғау органдарының бөлімдері жүргізетін бірқатар алдын алу шараларының тиімді жүзеге асуы көбінесе атқарушы биліктің қатысуымен байланысты болады. Мәселен, құқық бұзушылықтың өсуін тудыратын себептер мен салдар полициямен, яғни олардың күнделікті қызметінің арқасында дербес анықталады. Бірақ соңынан кемшілікті жою мақсатында билік органдарының ішіндегі қылмыспен күресудегі кеңеске түсінік береді, сондай-ақ түсінік бойынша тиісті кәсіпорындарға, мекемелерге және ұйымдарға жүгінеді.

Заманауи кезеңде құқықтық, демократиялық мемлекетке бел асуға байланысты құқық қорғау органдарының қызметі белсенді өзгеріске бет алады. Бұл мемлекет қызметінің басты негізіне адам, оның өмірі және бостандықтары қойылады (Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы). Осыған байланысты құқық қорғау жүйесі өте маңызды өзгеріске ұшырады. Бұл құқық қорғау органдарының құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету арқылы адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, сақтау, және қорғау үшін басымды рөл атқарғандықтарына байланысты болып отыр. Адамға (оның ішінде қоғамға да) экономикалық, саяси, рухани, жеке өмір сияқты маңызды игіліктерді іске асыру құқықтық тәртіпті қамтамасыз етумен байланысты болады. Полиция күресетін қылмыстардың және әкімшілік құқық бұзушылықтардың көпшілігі көрсетілген игіліктерге тікелей немесе жанама қол сұғады. Азаматтардың осы игіліктерді кедергісіз және қауіпсіз пайдаланулары көп қылмыспен күресудегі тиімділікке байланысты болады.

¹ Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заңы // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары. — 1995. — № 23.